

«Қазақ даласының ұлы тұлғалары» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта білім, қосымша білім беру ұйымдарында білім алушылар арасында өткізілетін «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережесі оны өткізудің мақсаты, міндеттері және тәртібін анықтайды.

Байқау Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығына, Абай Құнанбаевтың 170 жылдығына, Мұстафа Шоқайдың 125 жылдығына арналған.

2. Мақсаты: өскелең ұрпақтың бойында патриотизмді тәрбиелеу, дарынды балаларды анықтау, қолдау және олардың танымдық қызығушылықтарын ынталандыру.

Міндеттері:

- өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік және патриоттыққа тәрбиелеу;
- ұрпақтар сабақтастығына тәрбиелеу;
- балалар шығармашылығын дәріптеу.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 17 қазаннан 12 желтоқсанға** дейін балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес **2015 жылғы 9 желтоқсанға дейін nt_ekotur@mail.ru** электронды поштасына қабылданады.

Анықтама телефондары: **8(7172)249308** («Қазақ даласының ұлы тұлғалары» байқауы).

7. **2015 жылғы 9 желтоқсаннан кейін** түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

9. Байқауға қатысу үшін - **1500 (бір мың бес жүз)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК

(Резидент)
БИН 990140004733
ИИК KZ918560000005068448
БИК КСJBKZKX

Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО БанкЦентрКредит

Төлемақының мақсаты: «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөні, тегі міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын) сканерден өткізіп, nt_ekotur@mail.ru электронды пошта арқылы жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2015 жылғы 12 желтоқсанда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

11. Байқауға жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының 7-17 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

- 7-9 жастағы кіші жас санаты;
- 10-14 жастағы орта жас санаты;
- 15-17 жастағы жоғарғы жас санаты.

12. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі

1. "Көркем шығарманы (мәнерлеп) оқу" — байқауға AV, .mp4 үлгісіндегі ұзақтығы 5 минуттан аспайтын таңдау бойынша Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев және Мұстафа Шоқайдың кез келген шығармасынан проза үзіндісін немесе өлеңін оқудың бейнежазбасы қабылданады.

Бейнежазба шығарма авторының атымен, шығарманың тақырыбымен басталады. Ары қарай мәнерлеп оқу оқушының аты-жөні, тегін айтумен аяқталады: "Мәтінді оқыған...".

2. "Қызықты әлем" — Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Мұстафа Шоқайға арналған сөзжұмбақ, жұмбақ, ребус және басқа да материалдар .jpg форматында немесе .doc(x) A4 форматында ұсынылады.

3. "Сөнбес жұлдыздар" — мерейтой иелерінің өмірі және шығармашылығына арналған презентация. Слайд саны 20-дан аспауы керек. Әрбір слайд тақырып, сурет (фото, сурет, сызба және т.б.) және мәтіннен тұруы тиіс.

13. Байқауға әр автордан бір немесе екі номинация бойынша жұмыстар қабылданады, әр номинацияға бір қатысушыдан тек бір жұмыс жіберілуі тиіс.

14. Бағалау өлшемдері:

- мәтіннің ғылыми шынайылығы және ақпараттың нақтылығы;
- байқаудың тақырыпқа және номинацияларға сәйкестігі;
- жұмыстың шебер және сапалы орындалуы;
- көркемдік ойлау және шығармашылық ойдың түпнұсқалығы;

- тақырыптың толық ашылуы;
- тақырыпты пысықтау тереңдігі;
- жұмысты ұсынудың шығармашылық тәсілі;
- мәтіннің сауаттылығы және ресімдеу тиянақтылығы.

15. Байқау жұмысын титул парағын ресімдеу тәртібі. Конкурстық жұмыстың беткі парағында көрсетіледі:

- облыс, аудан (қала), ауыл;
- білім беру ұйымының аталуы;
- конкурс, номинация, жұмыс аталуы;
- автордың аты-жөні;
- e-mail, байланыс мәліметтері;
- жетекшінің аты-жөні, тегі;
- жетекшінің лауазымы және жұмыс орны;
- конкурстық жұмыстың жасалу мерзімі.

16. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

17. Әділқазылар алқасының мүшелері Байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

18. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен, жетекшілері – алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілерге алғыс хаттардың, қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы **www.ziyatker.org** сайтында <http://www.ziyatker.org/#!/c10hg> сілтемесінен жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады.